



Ақмешіт

5 наурыз
сейсенбі
№19 (2029)
2024 жыл



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Қыдыр дарып, бақ қонған Сыр елі – қашаннан хас таланттарды тоғыстырған өңгелі өңір. Жыр елі атанған бұл өлкеде тағы бір мәдени-рухани орталық ашылды. Өткен аптада «Өнер орталығының» салтанатты ашылу шарасы өтті.



ӨРІСІ КЕҢ ӨНЕР ОРДАСЫ

Шараға Мәдениет және ақпарат министрі, Президент жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева мен комиссия мүшелері, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, белгілі қоғам қайраткерлері, өңірлерден келген делегациялар, облыстың зиялы қауымы, еңбек ардагерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қызылордалықтарды жана нысанның ашылуымен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Азаматтарымыздың рухы арқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, яғни руханиятымызға баса мән бергеніміз жөн» деген болатын. Сыр өңірі – шежіре тұнған, халықтың асыл мұралары сақталған алтын көмбелі мекен, қазақ театрының алғашқы қазығы қағалған жер. Аймағымыздың киелі сахнасынан мәдениет майталмандары мен өнер тарландары түледі.

Қызылордала осындай өнер ордасына қажеттілік заман үдерістері мен көрермен талғамына сәйкес туындады. Аз ғана уақыттың ішінде құрыш қолды құрылысшыларымыздың кәсіби шеберлігі арқасында көз алдарыңызда сәні мен сәулеті келіскен «Өнер орталығы» бой көтерді. Ғимараттың салтанатты ашылуын әйел-аналарымыздың құрметіне, Сыр сұлуларының мерекесіне арнаудамыз. «Өнер орталығы» – еліміздің рухани қазынасын толтыруға, мәдениеті мен өнерін асқақтатуға қызмет ете берсін, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қатар шара барысында ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алмас Аліматов сөз сөйледі. Мұнан әрі қонақтар жана орталықты аралап, «Сыр өңірі өнер тұлғаларының экспозициялық картинасы» және «Сыр өңірі – Түркі өркенінің бесігі» атты көрмені тамашалады.

Салтанатты шараға қатысқандар да дән риза. Соның бірі – Сенат депутаты Руслан Рүстемов. Ол өзінің әлеуметтік парақшасына Сыр елінің өркендеп келе жатқандығын жазды.

– Сырда ақ түбінің қарны жарылған күн. Неге десеңіз, бұл – өнер мерекесі. Өңір берекесі. Елдің несібесі. Облыстық бюджет есебінен салынған «Өнер орталығы» пайдалануға берілді. Қуанбаған халық жоқ, өнер дарыған өңірдің тағы бір тынысын танығандай болдык.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев осыдан екі жыл бұрын айтылған уәдесінің айқын нәтижесін, сөзі мен ісінің үйлесімін көрсетті. Мың кісілік мүмкіндік енді есігін ашып тұр. Ашығын айтайық, қасиетті Қызылорда несімен ерекше? Өрине, өнері бөлек. Естеріңізге болса, 2018 жылы Қорқыт ата мұрасын ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұралар тізіміне қосу туралы өтініш бірауыздан мақұлданды. Содан бері Сыр сұлейлері салған соқпақтың ізі онан сайын дүбірлей түсті. Дәстүрлі өнердің тағы таймай, байырғы бастауы биік тұғырға көтерілді.

4-БЕТТЕ

ҚЫЗЫЛОРДА – ҮЗДІК МӘДЕНИ ӨНІР

Алаштың Ақмешіті мәдениет саласында өзінің маңызының жоғары екенін тағы бір дәлелдеді. Ықылым заманнан өнер ордасы атанған алып аймақтағы «Өнер орталығының» ашылу салтанатында «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымы облысқа «Үздік мәдени өңір» атты сыйлығын табыстады.



Халықаралық маңызы бар марапатты «ТҮРКСОЙ» ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев тапсырды. Түбі бір түркі халықтарының мәдениетін ынтымақтастықта өркендетуді көздеген халықаралық ұйымның пұрақ бейнеленген арнайы сыйлығын алу зор мәртебе екені даусыз. Түгел түркіге ортақ Қорқыт бабамыз тыныс тапқан мекендегі дәстүрлі, заманауи өнер мен мәдениет құндылықтарын ілгерілету бастамалары осындай жоғары марапатқа лайық деп танылды. Ерекше атап өтетін жайт, бұл номинация бұған дейін «Нобель» сыйлығының иегеріне және әлемге танымал әнші Димаш Құдайбергеге берілген. Министр Аида Балаева да лайықты марапат екенін мәлім етті.

«Қызылорда облысында мәдениет саласы қарқынды дамып келеді. Бұл – көпке үлгі-өнеге болар игі қадам. Мәселен, 2024 жыл Сыр өңірінде «Руханият жылы» болып жарияланды. Кеше біз 1000 орындық «Өнер орталығының» ашылуына куә болдық. Наурыз мерекесіне орай «Жыраулар үйі» ашылды. Сондай-ақ облыстық тарихи-өлкетану мұражайының құрылысы басталып, 7 ауданда заманауи руханият орталығы бой көтеруде. Сондықтан халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымы киелі Сыр елін еліміздің ең үздік мәдени өңір деп тануының өзіндік мәні бар деп білеміз. Осынау мәртебелі құрмет, лайықты жеңіс құтты болғай! «Сыр елі – жыр елі» атанған қасиетті Қызылорда өңірінің өркендей беруіне тілектеспін!», – деді ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева.

Аян СПАНДИЯ

Шуақты көктемнің алғашқы аптасында облыс орталығында «Анаға тағзым» республикалық аналар форумы өтті. Шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі, Президент жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов, белгілі қоғам қайраткерлері, әр өңірден келген делегациялар, еңбек ардагерлері, мәслихат депутаттары, көпбалалы аналар, ұстаздар, облыстың зиялы қауымы мен қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

КӨКТЕМНІҢ ШУАҒЫН СЫЙЛАҒАН АНАЛАР ФОРУМЫ



Алдымен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев форум жұмысына сәттілік тілеп, қоғамдағы аналардың ролін ерекше атап өтті.

– Өткен жылы өңірімізге жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жаңадан ашылған «Анаға тағзым» орталығында болды. Мұндай орталықтардың жастарға тәлім-тәрбие берудегі маңызын айтып, жоғары бағасын берді. Сонымен қатар бүкіл еліміздің аналары бас қосатын тәжірибе алмасу алаңының жұмысын үйлестіруді тапсырды.

Президент жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиямен бірлесіп, өткен жылдың қараша айында алғаш рет «Анаға тағзым» республикалық форумын ұйымдастырдық. Шара қонақтары бұл жиынды дәстүрлі түрде өткізуді ұсынды. Алты Алаштың анасы атанған қасиетті Сыр өңіріндегі тағалымды шараның жалғасын табуының, дәстүрге айналуының өзіндік символдық мәні бар деп білеміз.

Бұл форум Ұлттық комиссиямен бірлесіп ұйымдастырылды. Мақсаты – үйдегі берекені сақтаушы, қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді қатысушы әйел-ананы ардақтау, мәртебесін көтеру секілді мызғымас дәстүрлі құндылықтардың төңірегіне қоғамды топтастыру. Ұлы Даланың ұлы аналарының ізгі жолын дәріптеп, жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру. Өткеннің тағалымын жаңа дәуірдің талабымен сабақтастырып, бүгінгі қазақ әйелінің үлгілі бейнесін қалыптастыру, – деді аймақ басшысы.

4-БЕТТЕ

■ ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНИ



«АЛТЫН САҚА»
ҺӘМ
«ЖАЛМАУЫЗ КЕМПІР»

«Алтын сақа» ертегісіндегі жалмауыз кемпірден қашып, бәйтеректің төбесіне шығып кететін баланы ұмытпаған шығармыз. Кейде халқы қайтсем тығырықтан шығамын деп ұмтылып жатқан бүгінгі қазақ қоғамын осы ертегіге ұқсатамын. Несиеге белшесінен батқан халық «алтын сақаны» аламын деп, екінші деңгейлі банктердің жалмауыздай жалмайтын пайыздарына шырмалып жатыр. Айлықтың өзі жалмауыз кемпірдің лақтырған тісінен түсіп қалатын тұлғалардың тұяғындай болып, банктердің берешегін өтеу түгелі отбасын асырауға да жетпейді. Енді не істеу керек? 3-БЕТТЕ


■ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА

450 миллиард жұмсалған көш неге мазасыз?



Үкімет үн қатты. Дауысын ғаламға тыңдатты. Солтүстікке барып, он-солғын түгендеп, жап-жағын бүтіндейміз дегендердің мәселесі шымбайына тым батты. Иә, «Пәлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ» дегенді. «Онай олжа тек қақпанда ғана тұрады» дейді қазақем тағы бірде. Әсірелеп, айтып жатқанымыз жоқ. Онда қақпанда да жоқ, бақыр тапқанда да жоқ. Онда бары

кім, әлде не?! Тақырыпқа төтесінен түселік. Оңтүстіктен солтүстікке бет бұрғандардың кейбірі туған өңірлеріне қайта оралып жатыр екен. Тіпті қазір «Солтүстікке көш» деп аталған ұлы жобаның ол жақтағы халықтың көбеюіне сеп болып жатқаны шамалы. Өйткені ондағы халық азайып жатыр. Сонда себеп қайсы, салдар қане? 2-БЕТТЕ



КҮТКЕН НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛМАДЫҚ

Таяуда ғана Үкімет сағатында Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев оңтүстіктен солтүстікке қоныс аудару жайына кеңінен тоқталды. Өйткені ел бойынша халық санағына қарап отырып, бағдарлама ойдағы нәтижені бермеді деп түйді ол. «Еліміздің оңтүстік, батыс аймақтарында және мегаполистерде халық санында айтарлықтай өсім бар. Ал солтүстік аймақтарда керісінше, азаю үрдісі байқалады. Кейінгі жылдары Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Қостанай облыстарында халық саны күрт төмендеген. Бұл ретте оңтүстіктен солтүстікке ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасы біз күткен нәтижені бермегенін мойындауымыз керек. Қазір сенатта қаралып жатқан көші-қон туралы жаңа заң еңбек ресурстарының мобилділігін арттыру үшін жаңа ынталандыру шараларын қарастырады деп сенеміз», – деді Сенат төрағасы.

450 МИЛЛАРД ТЕНГЕ ЖҮМСАЛЫПТЫ

Бұл мәселенің Мәжіліс отырысында да көтеріліп жүргеніне көп болды. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса бұл бағыттағы нәтиженің кері кетуіне себеп болып тұрған мәселелерді жіпке тізгендей етіп айтып берді. Оның сөзіне қарағанда, солтүстіктегі халық саны 31 мыңға азайып кеткен. Ал бұл сан кейінгі бес жылды біріктіре есептегенде, 20 мыңға жетіп отыр. Осы жылдарда «Еңбек», «Серпін» тәрізді солтүстікке бағыттаған мемлекеттік бағдарламалар аясында 450 миллиард теңге жұмсалыпты.

«Сыртқы көші-қонымыз бойынша қандастарды елге шақыру квотасы 30 жылда 100 мыңнан 1 мыңға дейін, яғни 100 есе азайған антикоркорда жеткені туралы дабыл да қақпабыз. Бірақ шешілмей жатқан шаруа шап-етектен. Ішкі көші-қон да оңып тұрған жоқ. Біздің мәліметімізше, 2017 жылдан бері Солтүстік өңірлер бойынша қоныстандыру бағдарламасына шамамен 450 миллиард теңге жұмсалған. Бірақ нәтижесі шамалы. Керісінше, СҚО халқы жылдан-жылға азаюда. 2017 жылы облыста 563 мың халық болса, қазір 532 мың. Көшіп отырысыз, тұрғындар саны 31 мың адамға азайып кеткен. 7 жылда СҚО-ға бар болғаны 8 мыңдай адам ғана көшіп барған. Сонда жылына 1 мыңдай адам ғана қоныстанған. Ал бөлінген ақша – 450 млрд теңге! Қайда кеткен сонда бұл қаржы?! Жарты триллион ел қаржысы ғой бұл. 8 мың адамның басына шаққанда, 60 миллиондай ақша ғой бұл.

Көшіп келген 8 мыңның жартысы, 4 мыңы ғана жұмысқа жарамды десек те, өңірде жұмыс жоқ. Тіпті мыңдаған адам, ішінде қандастарымыз да бар, оңтүстік пен өзге өңірлерге қайта көшіп кеткен. Себеп неде? Біріншіден, суығына төтеп беретін дұрыс баспана, жылы үйі жоқ. Екіншіден, табысты жұмыс жоқ болғандықтан, пұлы жоқ. Ал үшіншіден, сөйлеусіз мемлекеттік тілі жоқ. Солтүстікке көшіп барғандардың жағдайы қандай қиын болғанын біз сол жаққа барып та, көріп те білгенбіз», – деді Қ.Иса.

Әрине, Әшімбаев та, Иса да мәселені жай көтеріп отырған жоқ. Оңтүстіктен барғандардың қаржысы қалып емес, көпті қуантайды. Туған жеріне ту тігуге кері қайтқандары қаншама?! «Қазақстан» ұлттық арнасы таяуда Түркістан облысынан көшіп барған қонақталып ана Арайлым Елемесовадан сұхбат алды. Ол: «Мал бағамыз, жұмыс жасаймыз десеніз, бір жылдық шөбіңізді де өтеп береміз деді. Барғаннан кейін мал алмадым. Мал жоқ болды менде. Бірақ көмірді де беремін деген. Оны да бермеді. Қарызға бағып кеттік. Ол жақтың қысы масқарау», – дейді әнгімесінде.

Бейнемаатериалда Дубровный ауылының тұрғыны Марат Самсабеков те мәселенің расында шаш етектен екенін жеткізген. «Полдың бәрі шіріп жатыр уже. Пол астында подушка қойып істелмеген. Жерге тиіп тұр, қара жерге. 5 үй бар, 5 үйдің іші де сондай. Пол шіріп жатыр. Су қыста қатып қалады. Электр күйі береді, өзіміз амалдап істеп жатырмыз, енді не істейміз?», – дейді.

СЫРДАН ДА ТАЛАЙ АДАМ КӨШКЕН

Қызылорда облысынан да солтүстік өңірге көшіп артқан отбасылар аз емес. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік Басы 1-бетте

бағдарламалар басқармасының берген мәліметіне сүйенсек, кейінгі бес жыл ішінде облыстан 384 отбасы Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ұлытау және Абай облыстарына қоныс аударған. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасын да мәлімет алған едік.

«Аталған отбасылардың құрамында 1053 адам, оның жұмысқа жарамдысы 548 адам. Жұмысқа жарамды 548 адамның 448 немесе 81,7 пайызы тұрақты жұмысқа орналастырылды, бұған қоса 24 азамат несие мен қайтарымсыз грант алып, өз кәсібін ашты. Құрамында 241 мүшесі бар 238 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Бағдарлама басталғаннан бері қоныс аударған 8 отбасы 25 мүшесімен отбасылық жағдайына, ауа райының қолайсыздығына, денсаулығына байланысты облысымызға қайтып келген. Бағдарлама шеңберінде қоныс аударуға ниет білдірушілерге тұрғын үйді жалдау, көшу шығыстары, тұрғын үй алуға «Экономикалық мобилділік сертификаты», қосымша жер беру, кәсіппен айналысамын деушілерге мемлекеттік қайтарымсыз грант пен несие қарастырылған», – дейді басқармадағылар.

Әйтсе де, аймақта солтүстікке көшу ниетімен тиісті орынға барып, құжатын дайындағанмен, солтүстікке қоныс аудармамай жүрген азаматтар да бар. Соның бірі – Ермұрат Аманкелдіұлы. «Менің қолымда құжаттарым бар. Мен құжат жинап тасырғалы бес жыл өтті. Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарына тікелей шыққанда олар «Мамандық сәйкес емес» деп жауап берді. Ал ҚР Білім және ғылым министрлігі, қазіргі Оқу-ағарту министрлігі «Мамандығыңыз сәйкес. Баруыңызға бақылау» деп хат жазды. Мен қарапайым халықтың қатарында телеарнада айтылған барлық мүмкіндікті пайдаланғым келіп, қолдан келгенімді жасап бақтым. Сенесіз бе, біздің өңірдегі жауапты мекеме тіпті мән беріп те қарамады маған», – дейді ол.

ЖАҒДАЙДЫ ҚАЛАЙ ТҮЗЕЙМІЗ?!

«Күлтөбенің басында күнде жиын» деген сөзді біз шығарған жоқпыз. Әу бастан бар ақиқат – осы. Жиынның санында шек жоқ, бірақ одан шығып жатқан нәтижені көріп жүргендер аз. Солтүстікке көшті сыңа алғандар жетіп артылады, әйтсе де мәселені шешу жолдарын ұсынып жатқандар да жоқ емес. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрі Светлана Жакыпованың сөзіне сүйенсек, алда әрбір келушіні жеке-дара күтіп алып, орнығамын дегенше қасиета жүретіндер бікітілмек.

«Солтүстік Қазақстан бөлімінде 48 мың отбасы тұрып жатыр. Ал кері қарай көшіп кеткендер несе? – 7900 отбасы. Сонымен жаңа бизнес процестерін сараптап, жаңа бағыт жасап отырмыз. Біріншіден, қоныс аударушы әр отбасына келгенге дейін оларға жәрдемші, жеке көмекші берудіміз керек. Жеке көмекші ол отбасының негізгі әлеуметтік жағдайын біліп отырады. Неше баласы бар, жағдайы қандай? Ол осы жайттарды біліп қана қоймайды, көшіп келген әулетті күтіп алады. Жәрдемшілер, қоныс аударып келген адамдарды мобилдік деректер базасына енгізіп, электрондық қолтаңбасын алып беріп, оларды электронды қызмет түрлерін пайдалануға бейімдеп, күнделікті өмірде көмектесуі керек. Жәрдемшілер балаларды тіркеп, балабақша мен мектепке орналастуға және емханалардың қызметін пайдаланудың жолдарын көрсетіп, көмектеседі. Сондай-ақ біз жаңа заң жобасын әзірлеп қойдық. Мәжіліске ендігі келгенімізде біз сіздерге сол заң жобасымен келеміз. Өкінішке қарай, бұл бағдарламаға осы уақытқа дейін қанша қаражат жұмсалды, қанша қаражат игерілді, қазіргі уақытта нақты айта алмаймын», – дейді Жакыпова ханым.

Айтпақшы, Мәулен Әшімбаев мұндай мәселеде «Ауыл аманаты» бағдарламасының тиімді екенін алға тартқан болатын. Бұл – ауылдық жерлердегі халықтың тұрақтануына көп ықпал ететінін айтты ол. Дей тұрғанмен, Мақсат Толықбайша айтқанда, қаражат мәселесі жыл басында-ақ шешілгенімен, халықтың қолына күзде тиетін, мал алатын болсаң «Бақеден, Сәкеден, Мәкеден ғана алуын керек» деп, бағасы аспандағы айға бағыт алған шаруашылықтарды нұсқайтын бағдарламаға қазір үміт артатындардың қатары сиреген. Өйткенмен, «үкіметтің бір ойлағаны бар шығар» деп келер күннен үміт күтіп, ауылдағылар отыр.

Солтүстікте елді қайтсек тұрақтандырамыз деген мәселеде ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова да өз ойымен бөлісті.

«Ол жерде үлкен жобалар жүргізілуі керек. Жұмыс орындары ашылуы керек. Сонда ғана біз азаматтарды тарта аламыз. Себебі оңтүстік өңірдегі жұмыссыздарды алып, солтүстік өңірден жұмыссыз жасаудан проблема шешілмейді ғой?! Ең негізгі мәселе, экономика жағынан Үкіметпен бұл мәселе жөнінде әріптестерімізбен тағы да ақылдасатын боламыз», – дейді вице-премьер.

Сенат депутаты Айгүл Қапбарова «Кәсіпкерлерге жайлы жағдай жасамақ, ол да сеп болар еді» дейді. Ол мәселені шешуде бірқатар бағытқа басымдық беру керек екенін айтады.

«Біріншіден, елдің солтүстік өңірлеріне қоныс аударушылар үшін яғни шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін мемлекет меншігіндегі пайдаланылмайтын жер учаскелерін беру мақсатында Жер кодексіне түзетулер енгізу туралы мәселені қарастыру. Екіншіден, солтүстік өңірлеріне қоныс аударушылардың несиесіне 12 ай аралығына дейін кредиттік қанқил беру. Сондай-ақ ел ішінде жұмыс күші ташпылығы бар өңірлерге азаматтарды қоныс аударуды ынталандыру мақсатында тиісті бейімдеу және интеграциялау орталықтарын құру, мұны үш деп қойыңыз. Төртіншіден, экономикалық ұтқырлық сертификатының мөлшерін қала мен елді мекендерде тұрғын үйлердің нарықтағы баға айырмашылығын ескере отырып белгілеу. Мысалы, Петропавл қаласында 2 бөлмелі пәтердің нарықтағы орташа бағасы – 12 млн теңгеден жоғары. Бесіншіден, сертификаттарды беру мерзімін қоныс аударушылар квотасына енгізілген сәттен бастап 12 айға дейін ұлғайту мүмкіндігін қарастыру. Оған қоса, шекара маңы, халық саны аз аумақтарда жұмыс істейтін кәсіпкерлер үшін салықтық жеңілдіктер мен преференцияларды қолдану мүмкіндігін қарастыру. Шекара маңы өңірлерінде еңбек өтілін есептеу коэффициентін жоғарылатуды енгізу мәселесін зерделеу. Бұл еңбекке қабілетті азаматтардың қосымша ағынын тартады. Жетіншіден, солтүстік өңірлерде жылыту маусымы 9 айға созылатындықтан қоныс аударушыларға отын мен көмірді сатып алуға жылына бір рет республикалық бюджеттен 35 АЕК (120 750 теңге, 1 АЕК – 3450 теңге) деңгейдегі біржолғы төлемді қарастыру. Сегізінші, өңірлерде жалға берілетін және коммуналдық тұрғын үй қорының үйлерін келешегі жоқ деп танылған ауылдардың тұрғындарына, сондай-ақ баспана кезіндегі тұрған азаматтарға беру туралы қағидаларға өзгерістер енгізу», – дейді сенатор.

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА ХАЛЫҚТЫҢ КӨҢІЛІН ШЫҒУ КЕРЕК

Иә, солтүстікке көштің ел үшін, мемлекет үшін, оның ар жағында ұлт үшін қаншалықты маңызды бар екенін дүйім жұрт біліп отыр. Әйтсе де мұндағы түйеніміз – мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі. Әйтпесе, пәтерден-пәтер жағалап, бәзбіреудің босағасында төлмірген отбасылардың қатары қалып. Олар да өз үйінде шынтақтап жатып, бақыттың рахатын сезінгісі келеді. «Кен баятқа Қазақстанның әр түкпірі – менің туған жерім. Өйткені менің Отаным – тұтастай қазақ жері» дейтін жанның әрбірі мемлекеттік қолдаудың шарапатын сезінуді қаламайды дейсіз бе?! Әрбір мемлекеттік бағдарлама қаламын нық баса, оған елдің де сенім ұлғаяды. Тек оттегені ай тұстарымыз көп. Солтүстікке оңтүстік астанадан ат терлетіп барып, көштің жайына қанық боп, сол жерде мәселенің сағасында жүрген Бұрахан Дахановтың сөзімен айтсақ, «Бұл жердегі мәселенің барлығы бағдарламаны солтүстікте тұратындардың емес, кабинетте отыратындардың жасағанынан туындап тұр». Ел әрбір жердің табиғи ерекшелігіне баса мән беріп, бағдарлама әу бастан шешімін табар еді... Халыққа арналған бағдарлама халықтың көңілінен шығу керек.

Айтпақшы, осы мақаланы дайындау барысында елдің пікірін білу мақсатында әлеуметтік желіге де жазба қалдырдық. Сан алуан пікір бар. Оның ішінде «Жер жарған жарнамасына алданып барып, сан соғып қалмаңыздар», «Баяғы бюрократия», «Оңтүстіктен барғандар ол жақтың алты ай қысына шыдамай жатыр», «Солтүстікке баруға берген өтінішім жауапсыз қалды» деген сынды пікірлер бар. Әрбір пікірдің астарында бір мәселе жатыр. Сондықтан бұл пікірлерден де нәтиже шығару қажеттігі айқын аңғарылып тұр.

Дәулет ҚЫРДАН



Қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Пахуатдин Шамұратов БАҚ өкілдеріне брифинг берді.

Өткен жылы ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 15 млрд 86 млн теңгені құраған. 9079 гектарға ауыл шаруашылық дақылдары егіліп, негізгі дақыл күріштің 4136 гектарынан 20680 тонна өнім алынған. Ал мал шаруашылығы бойынша 2566 тонна ет, 5473 тонна сүт, 689 мың дана жұмыртқа өндірілген.

Қала тұрғындарының көкөніс және бақша өнімдерімен

Жер қашан беріледі?

қамтамасыз ету мақсатында Қарауылтебе ауылдық округінен 10 гектар егістік жер бөлініп, қызығушылық танытқан 100-ге жуық тұрғын бау-бақша дақылдарын егумен айналысқан. Сондай-ақ қашырғы, каналды тазалау, гидротехникалық құрылыстарды жөндеу жұмысы бойынша ішкі су жолдарынан 54 300 текше метр топырақ шығарылып, 4 дана гидробекет, 2 дана су құрылысы жөндеуден өткізілген.

– Қызылорда қаласы бойынша 70886 азамат жер кезегіне тіркелген. 2005 жылы кезектегі 11163 азамат тіркелген болса, оның ішінде қалған 2428 азаматқа жер учаскесін табыстау жұмысы жүргізілуде. 2023 жылы жер учаскесін нысаналы мақсатына сай пайдаланылмаған кәсіпкерлік мақсатында 194 жер учаскесі,

мемлекеттік жерді заңсыз иеленіп, артық қоршау жүргізген 72 меншік иесі облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне жолданды, – делі Пахуатдин Сыражадинұлы.

Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы мақсатындағы көлемі 2029,5 гектарды құрайтын 16 жер учаскесі мемлекеттік жер қорына қайтарылған. Биыл аталған жұмыстардың жалғасы ретінде көлемі 752 гектар құрайтын 6 жер мемлекеттік жер қорына қайтарылған. Сонымен қатар жайылымдық мақсатында игерілмеген 894 жер учаскесінің пайдалануына жүргізілген мониторинг нәтижесімен көлемі 75437,72 гектарды құрайтын 744 жер учаскесіне мал басы тіркелген.

Марина САГИДАТБЕК

Кәсіпкерлік бастама қолдау табады



Қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Арын брифинг берді.

– Бүгінде облыс бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік нысандардың 49,2%-ы аймақ үлесінде. Барлығы 32064 кәсіпкерлік субъекті жұмыс жасауда. Бұл кәсіп-

керлік нысандарда 68047 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлік бастаманы қолдау мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілуде. 2023 жылдың өзінде қала бойынша 24,45 млрд теңгені құрайтын 1415 жоба қаржылай қолдау тапты, – делі Бауыржан Серікұлы.

Өнеркәсіп өнімдерінің өндірісі бойынша облыс бойынша қаланың үлесі 62,1%-ды құрайды. Өткен жылы осы салада 636,3 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, құны 1,9 млрд теңгені құрайтын 4 жаңа жоба іске асып, 130 жұмыс орны ашылған.

Сауда саласының бағыты бойынша, қалада 2791 сауда нысандары жұмыс жүргізуде.

Оның ішінде түрлі бағыттағы тауарлар бойынша 11 базар, 110 сауда үйі, 2669 дүкен жұмыс жасайды.

Сауда базарын жаңғырту мен заманауи форматқа көшіру бағытында қала орталығында орналасқан «Сыбаға», «Сұлтан», «Ас-бол» базар басшылары және қала әкімдігі арасында жол картасы әзірленген. Соның негізінде 2023 жылы «Сұлтан» сауда орталығының ашық азық-түлік сататын аумағы 1064,7 шаршы метр жерге тас жол төселген. «Сұлтан» сауда үйінің жанында орналасқан «Саяжай» әлеуметтік сауда қатары толық жөндеуден өткізіліп, суағарлар жаңартылған.

М. САГИ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Адамзат тарихындағы қарым-қатынастың ең дамыған дәуірі енді басталды. Әлеуметтік желі, галамтордағы байланыс әрбір адамның ішкі мәдениетін ғана емес, сауаттылық деңгейін де көрсететін қабілетке ие. Сіз бен біздің электронды хат алмасуымыздағы сөйлем құрау шарттарымыздың сақталуы тілдік білім дәрежеміздің сапасын аңғартатынын білеміз. Әлеуметтік желінің кереметіне тап келді. Бүгінде дәуірдің игілігі ортақ құндылыққа айналды. Алайда әп-сәтте қалаған кісімен виртуалды байланыс орнатуға мүмкіндік беретін жалаң қазақ тілін әбігерге салуда. Соның ішінде әлеуметтік желідегі жастарға көп айтылатын негізгі сын: орыс тілін араластыра сөйлеуі және қазақ тілінің ережелерін сақтамауы.

Әдепкіде мұндай қателікті смартфондағы қазак әріптерінің болмауымен байланыстырамын, кейіннен бұл олқылық ретке келген кезде де келесіздік бәсеңдемеді. Екеуара электронды хат алмасқан екі жастың бірі «қалың қалай?», «қаксың?», «өз қалайсың?» деген негізсіз қолданысты әдетке айналдырған. Орыс тілінде бір танбаның орынсыз жазылуына ұялатын қазақ жастары өз тіліміздегі өріп жүрген қателік аса қысыла қоймайтын тәрізді. Бұған аға буынның күнде көріп жүрген мәселелер дер кезінде тоқтау салмағаны да себеп болса керек. Себебі бізді диалог қурушының сауаты мен тілдік деңгейі қызықтыра бермейтін жасырын емес.

– Бұл – тілге деген құрметсіздік. Қазақ тілінің орфография және орфоэпия заңдылықтарын білмеуді басқа қалай атауға болады? Одан басқа пунктуация, яғни емле ереже де сақталмайды. Қай жерде үтір, қай жерде нүкте болу керекін жастар білмей жатады. Бұл орынсыз айып болып көрінуі мүмкін. Алайда әлеуметтік желіде отыратын көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты жастың саны арту керек. Оған қоса бұл ережелердің барлығы 5-сыныптан бастап үйретілетінін ойласақ, жастарға реніш туындайды, – дейді ұстаз Алмағұл Якулаева.

Ағылшын тілінде қиын әрі көп қолданыстағы сөздердің өзіндік қысқарту тәсілі бар екен білеміз. Ал қазақ тілінің төрт әріпті сөзін бел ортадан келте қайыратын не әдет?

Қысқарту дегенді жарым сөз деп түсіну – қателіктің бастауы. Бұл ешбір тілдік талапқа сай келмейтін «несі?», «жатрм?», «не жан?» тәрізді сөздердің көбеюіне әкелуде.

Әрине, бұл сөз жастың бәрі жалаң ойлайды, көптің дені сауатсыз деген ой? Ол – қазақ тіліне бейжай қарамайтын қауымның қатары артып келеді. Әлемдік білім деңгейіне қол созған жастар алдымен қазақ тілінің қолданыс аясын, дәрежесін көтеруге күш салуда. Тіпті әлеуметтік желіде қазақша сөйлеу, дұрыс жазу бастамасы көтеріліп, қолдаушылар саны артып келеді. Яғни, қош жүре түзеледі деген, мұндай мәселе шешімін табатын уақыт алыс емесі анық.

Алайда бізді аландатын басқа мәселенің шеті көрінеді. Нендей мәселе дейсіз ғой? Ол – латын графикасына көшу бастамасы. Дұрыс, жазу емлесі, негізгі ережелер қабылданыпты белгілі. Алайда қазақ жастары өзгеріске дайын ба? Ғасыр болған кириллицада қателік жіберетін жастар жаңа енген латынды қалай жүйеге келтіреді? Тіл – тірі организм. Ол қарым-қатынас арқылы өзгеріске ұшырайды. Демек, латын графикасын күнделікті қолдануда да өзгеріс болады деген сөз.

Оған басты екі себеп бар. Алғашқысы – бүгінде латынды қолданатындар, соңғысы – ағылшын тілін таңдауға тәсілі.

Жастар арасында латын графикасын қолдану бұрыннан қалыптасқаны анық. «Майл.ру» қосымшасы арқылы танымал болған 2010-2015 жылдар аралығында қолданушының көбі латын графикасын пайдаланды. «Ш» дыбысының орнына «W» таңбасын, «б» дыбысына «V» таңбасын қолдану бекі алынған. Сондықтан ендігі өзгерісте ескі «әдеттің» салқыны тиюі әбден мүмкін. Оған қоса, ағылшын тілін үйренуді бастаған жастар күнделікті қолданыста сол тілдің таңбауау әдісін қолдануы ықтимал. Мұндай келесіздік орын алмау үшін латын графикасының электронды пернетақтасын дер кезінде орнатып, әлеуметтік желідегі сауатты жазуға үндеу маңызды.

Әрине, әлеуметтік желіде үнемі әдеби сөз қолдану орынсыз болуы мүмкін. Оған қоса ауызекі сөйлеу әдісі деген бар. Алайда қазақ тіліне құрмет дұрыс жазу, дұрыс сөйлеу арқылы келетіні белгілі. Сол себепті өзіндік сауатты ұстап, қарсы беттегі адамның қателігін түзеуді әдетке айналдыру қажет. Сонда ғана екінші жақтағы сөйлеуші де түзелері анық.

Аружан АМАНТАЙ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Бұл Жолдаудың өткен жылдың 1 қыркүйегінде жолданғанын назарға алсақ, Президент шетелдік банктерді тарту туралы мәселені осыдан 5 ай бұрын көтергенін түсінуге болады. Біз айтып отырған 5 айдың ішінде неге шетелдік банктер тартылмай жатыр? Әлде Қазақстанның қаржы нарығы шетелдік банктермен бәсекеге түсуге қауқарсыз ба? Бәлкім, енді келетін шығар. Біз асығыс айтып отырған болуымыз да бек мүмкін.

Шетелдік банктер Қазақстанның қаржы нарығына келсе, елдегі екінші деңгейлі банктерді әлсіретіп жіберуі мүмкін дейтіндер де табылады. Себебі дамыған елдердегі кейбір банктердің несиесі пайызы төмен. Шамамен 1-6 пайыз арасында. Олар біздің нарыққа келгенде аз пайызбен несиесі берсе, халық солардан жаппай қарызға ақша алып, Қазақстандағы банктердегі берешектерін жабуы ықтимал. Сөйкесінше, біздің екінші деңгейлі банктер де амалсыздан несиесі пайызын түсіруге мәжбүр болатын еді. Алайда елге пайызы аз банктерді кіргізе ме екен? Мәселе осында. Себебі осы уақытқа дейін талай шетелдік банк келген. Ресейді айтап отырғанда өзінде қытайлық және ислам банктері жұмыс істеді. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымованың айтуынша, елімізде үш қытай, бір корей, бір түрік банкі бар. Әйтсе де халық олардың пайдасын көре қоймады-ау?.. Мамандар шетелдік банктің пайызы төмен болуы екіталай екенін де алға тартуда. Мәселен, журналистерге айтқан сөзінде экономист Мақсат Халық Қазақстанның қаржы нарығына шетелдік банктер келсе, ипотекалық несиенің пайызы төмендейді деп ойлау дұрыс емес екенін айтады. Себебі шетелдік банктердің бөлімшесі Ұлттық банктің ережесімен жұмыс істейді. Сонда не істеу керек? Бәлкім, Ұлттық банктің пайыздық мөлшерлемесін барынша төмен түсіру керек шығар?..

БАНКТЕРДІҢ ӨЗІ ҚАРЫЗ

Қаржының сақталатын орны банк дейтін болсақ, біздің елде банктердің өзі қарыз екен. Нақтырақ айтсақ, Қазақстандағы 6 банкке мемлекеттік деңгейде қаржылық қолдау көрсетілген.

Нақты қандай банктерге көмек көрсетілгенін өткен жылдың 26 сәуіріндегі Парламент Мәжілісінің жалпы отырысынан кейін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова баян еткен.

Агенттік төрағасының айтуынша, банктерді қаржылай қолдау бағдарламасы 2017 жылы бекітілген.

– Қазір қаржылық тұрақтылық бағдарламасына қатысқан алты банк бар. Бұл бағдарламаны 2017 жылы Ұлттық банк бекіткен еді. Ол кезде банктердің шығыны, банктердің балансында стрессік активтердің жоғары деңгейі анықталғанды. Осы проблемалық заңнамаларға провизия жасау үшін, банктердің капитализациясын толықтыру мақсатында қаржылық тұрақтылық бағдарламасы қабылданды, – деді Әбілқасымова.

Қолда бар деректерді сөйлесек, 2017 жылы қаржылық орнықтылықты көтеру бағдарламасына «Еуразиялық банк», «Банк ЦентрКредит», Jusan Bank (көмек АТФ банк пен «Цеснабанк» көрсетілген), «Нұрбанк», Налык Банк және Bank RBK сынды қаржылық ұйымдар қатысып, жалпы сомасы 700,5 млрд теңге алған.

Басы 1-бетте

«АЛТЫН САҚА» НӘМ «ЖАЛМАУЫЗ КЕМПІР»



Мемлекеттің қолдауымен ғана еңсесін тіктеп отырған банктер шетелдік қаржы ұйымдарымен бәсекеге түсе алады дегенге көп адам сенбейді. Әйтсе де мамандар Қазақстандағы банктердің қазіргі әлеуетінің жаман емес екенін алға тартуда.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНА ҚЫЗЫҒАТЫН БАНКТЕР БАР МА?

Сарапшылар Президент пәрмені орындалып, үш банк келген жағдайда экономиканы қаржыландыру мөлшері мен банктер арасындағы бәсекелестік артады деп отыр.

Ресми органның мәліметінше, әлі ешқандай ұсыныс түспеген. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Олжас Қызатов журналистермен кездескенде бұл мәселені зерттеу деңгейінде ғана екенін айтқан. Кездесуде Шығыс Азия елдерінен, Оңтүстік Кореядан, Таяу Шығыстан, соның ішінде Қатардан, сондай-ақ Шығыс Еуропадан келген инвесторлар туралы әңгіме болған. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне олардың ешқайсысы әлі ресми түрде ұсыныс түсірмеген. Қызатов заң жобасы әзірленгенін мәлім етті.

– Аудит жүргізу барысында бұрын тіркеу кезінде талап етілетін елу құжаттың біразы қысқартылды. Қалай болғанда да ірі халықаралық банктердің біздің нарыққа келгенін қалаймыз, олардың келуі банк секторының одан әрі сапалы өсуіне оң әсер етеді деп сенеміз, – деді қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары.

Ресми ұсыныс болмаса да қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова Қазақстанға Батыс Еуропа, Азия мен Таяу Шығыстан банктердің келу мүмкіндігі барын мәлім еткен.

ӨМІР ЕРТЕГІДЕ ҒАНА ӘДЕМІ БОЛМАУҒА ТИІС

Әлемдік тенденция бойынша ішкі мүмкіндіктерге сүйену үшін мемлекет халқының саны 50 млн адамнан кем болмауы қажет. Әзірге қазақстандықтардың саны ондық жартысына да жетпейді. Біз бұл мәселені не үшін жазып отырмыз? Өйткені Қазақстаннан филиал ашатын шетелдік банктер бірінші кезекте елдің ішкі мүмкіндігіне қарайды. Сондықтан халыққа пайдалы шетелдік банктерді алып келеміз десек, мемлекет олар үшін бөлек бағдарлама жасауға тиіс. Бірінші кезекте базалық мөлшерлемесін түсіру керек. Жұмыс жоқ демейміз, елімізде банкке қатысты қыруар жұмыс атқарылады. Тіпті базалық мөлшерлеме 14,75 пайызға дейін төмендейді. Мамандар дәл осы базалық мөлшерлемесін түсірудің арқасында жылдың екінші жартысында екінші деңгейлі банктегі несиесі де төмендейді деп болжап отыр. Лайым, солай болсын. Қалай деген күнде де «алтын сақаға» қызығып, жалмауыздай жалмаған пайызға шырмаған халықты тығырықтан шығару керек. Өмір тек ертегіде ғана әдемі болмауға тиіс.

Әзіз ЖУМАДІЛДӘУЛЫ

АУДАРМАДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚАЙТСЕК «ҚАЗАҚЫЛАНДЫРАМЫЗ»?

Дұрыс аударма жасау – үлкен өнер. Тілдің нәзік сырларын білмей аудару мазмұнды жасудың, шығарманың екінін, ішкі тынысын тарылтады.

Бауыржан Момышұлы

Атқаратын жұмысымыздың негізгі бөлігі аударма жасаудан тұратын болған соң, нормативтік-құқықтық актілерден бастап, қоғамдық-саяси, түрлі әлеуметтік салаға қатысы бар, ақпараттық мәтіндерді, публицистикалық мақалаларды, ресми іс қағаздарын аударуға тура келеді. Сонымен қатар аударылған мәтінді тексеріп, түпнұсқаман салыстыру, редакциялау секілді жұмыстар да қатар жүреді. Әдетте, аударуды бастамас бұрын, ең алдымен түпнұсқадағы мәтіннің құрылымына, мазмұнына үйіліп, жазу стилін анықтап алған дұрыс. Жалпы бізде заң шығару, экономика, компьютерлік технология, іс қағаздары тілдерінің әлі де орыс тілінен аударма нұсқасы қолданылып жүргені жасырын емес. Оның себебі де әрде жатыр. Құжат атаулы 2000 жылдарға дейін тек орыс тілінде жазылып, оның ішінде нормативтік-құқықтық актілер орыс тілінен қазақ тіліне аударылып келді. Бұдан бізде қандай да бір құжатты өз дегеннен қазақ тілінде жазатын қай салада болсын маман, қазақ тілінде іс жүргізушінің жеткілікті болмағаны немесе тіпті болмағаны, осыдан келіп белгілі бір жүйенің, тәжірибенің қалыптаспағаны көрініп қалады. Осы сарын, осы сұрлеудің сорабымыз бүгінгі таңда іс қағаздарын, ресми құжаттарды, тіпті саяси-ақпараттық мәтінді де орыс тілінен сөзбе-сөз аударып, тұрған орнына сол күйінде жайғастыру әлі де сақталып отыр.

Аударма жасау барысында мәтінді сол аударма тілді тұтынушылардың дүниетанымына бейімдеу – аудармашыға қойылатын талап. Ендеше қазақша құрастырылған мәтіннің қазақ дүниетанымына орайластырылуы – аксиома болуы керек қой, алайда мәтін құрастырушы бар ойын орыс грамматикасының қалыбына салады да, салдарынан ұлттық сөйлеу нормасына жат, қабылдауға ауыр сойлемдермен құрастырылған мәтін шығады. Сөзіміздің он бойында тілге тиек еткені отырған мысалдар белгілі бір сөз тіркесінің, сөйлемнің, түрлі фразеологизмдердің бір тілден екінші тілге аударылған дәл көшірмесі, басқаша айтқанда түпнұсқа нысанының екінші тілде сөзбе-сөз қайталануын беретін қалықа әдісімен берілген аудармалар. Нақтылай айтқанда, қазіргі қазақ мәтіндеріндегі қалықа әдісімен жасалған аудармалардан байқалатындай, бұл – өңі қазақ, тілі қазақ, бірақ ойлау жүйесі қазақ тілінің қазығына байланбағандардың «өнімі». Өзге тілге

еліктеп «сөз арасын былғап» жүргендерден қазақ түсінбейтін қазақша мәтіндер дүниеге келеді.

«Кіріспе сөзімізден» әрі қарай әңгіме ауанын аударуға келгенде ере ауып кете беретін өзміздің қарақөз қазақ тілінің шалажансар күйіне бұрайық. Әңгімені жарнамадағы қазақша мәтіннен бастасақ, ондағы еркетотай баланың шалдыр шатпағы секілді мәтінді, сөз тіркесін оқығанда «бір қайнауы кем болып тұр екен» дейсіз. Дәлеліңіз бар ма дейсіздер ғой, осы өзміздің халық жиі баратын «Каспий банктің» жұртшылықты несиесі алуға шақырған кезекті жарнамалық хабарландыруында «С платежымын каникулами» мәтінін ондағы «с» шылауынан ұзамай «Төлем каникулымен» және тағы бір нұсқасы «Төлем демальсымен» деп сөзбе-сөз аударған. Осыны «Төлем - үзіліспен» немесе «Төлемдегі демальсы» мағынасының айналасында аударса дұрыс болар еді. Осы сарында «бірден айтқысы кеп тұрған» келесі бір жарнамаға құлақ түрейік. «Қол бейнесін іздейміз қолданбаған жарнамасы үшін. Жеңімпазға 1500 000 тг құрайтын келісімшарт». Мәтін – қазақша, құрастырып отырған - қазақ. Не айтқысы келгенін автор ғана түсінбесе, басқамыз үшін ол жарнама – «Ашылмаған арас».

Ал енді аударғанда «мың бір атау, жүз бір теңеу» болып түрленуе түсетін аз мезірінің жайы күлдіреді де, қынжылтады да. Тағы да «қолда бар деректер сөйлесін». Қаламыздағы бір тамақтану орнының аз мезірінде үй жағдайында да жасай беретін «Сельд под шубой» салатын орыс тілінен «Пальто астындағы майшабақ» деп аударған. Жолыңыз түсіп сол кафеде барғанда қолыңызға ұстатқан аз мезірінен осы «... майшабақты» оқысаңыз, қазақ тілінің қалай «қазақыланып» жатқанын түсінбей дал боласыз. «Құлдіре отырып күйдіретін» осы тектес мәтіндерді, сөз тіркестерін, атауларды көріп, аудармадағы тәжірибенің аздығынан болды-ау деп қонылтанасыз.

Ал енді қазақша ойлап, қазақша жазатын «кеңсе қызметкерлерінің» «авторлығымен» құрастырылған қызметтік хат, хабарландыру, есеп мәтіндерін, баяндамасын оқығанда «ет сасыса түз себеді, түз сасыса не себеді?» деген сұрақ өздігінен сұранып тұрады. Сөзімізді тұздықтайық: «Егер осы берілген жауаппен келіспеген жағдайда...», «Бағдарлама департаментпен әзірленген», «Аяқ астынан болған өрттің нәтижесінде екі кішкене баланы күйік шалып, ауруханаға жеткізілді», «... мәдени немесе табиғи мұраның кез келген объектілерінің зақымдануы немесе жоғалуының әлемнің барлық халықтарының игілігінің зиянды тозуын білдіретінін назарға ала

отырып», «құжат тапсырғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде тест тапсыру керексіз». Дұрысы – «... тест тапсыруыңыз керек». «Ол орыс, француз және ағылшын тілдерін бала жасынан бастап толық меңгерді», «Ең алдымен жерді пайдалану саласында тәртіп орнатып, жерді талан-таражға салу және жерді аздыру фактыларын біржола жою керек». Бұл сөйлемде «жерді» деген сөз үш рет қайталанады, сонан соң жерді аздыру деп емес, тоздыру деп алу керек. Өйткені «адам азды, жер тозады» деп айтылады емес пе? «Дикандар жаңа еңбек рекордын орнатты». Дұрысы – «... рекорд жасады». «Ол домбырада, гитарада ойнайды». Дұрысы – «... гитара тартады». «Ол ағылшын тілінде еркін сөйлейді». Дұрысы – «... таза сөйлейді». «Бақытты кездейсоқтыққа байланысты ғана...» «Бақытты кездейсоқтығы» қалай? Қазақ мұндай жағдайды «Сабақты ине сәтмен дегендей» немесе «Істің сәтін салайын десек» деп айтады. «Елеулі түрде мүдделік білдіреміз». Дұрысы – «Біз бұған барынша мүдделі болып отырмыз». Бұл сөйлемдердегі көзге ұрып тұрған орашалақтық айтаса да түсінікті.

Енді бір түсінбейтін, түсінсем де, екіұдай ойға жетелейтін тіркес - дағды болып, тарап, қолданыса сипіп кеткен «Тәуелсіздік жылдары», «Тәуелсіздік жылдарында» тіркестері (бұл да орыс тіліндегі «В годы Независимости» тіркесінен аумай-төкпей аударылған «көшірме»). «Тәуелсіздік жылдары еліміз алыс-жақын шет елдермен экономикалық, дипломатиялық байланыстар орнатып, өндіріс, өнеркәсіпке үлкен көлемде инвестиция тартты». Осы сөйлемді оқып отырып «Тәуелсіздік жылдары қыруар іс атқарылған болса, қазір қандай кезең, қандай жылдар?» деген сұрақ қылан береді. Мұндағы мағына: «Еліміз өз алдына дербес мемлекет болған алғашқы жылдары ...» екені түсінікті. Алайда «Соғыс жылдары ...», «Ашаршылық жылдары ...», «Тың игеру жылдары ...» тіркестерін осы шақпен байланысы жоқ, өткен кезеңде атқарылған іс-әрекетпен, оқиғалармен байланыстырып айтатын еді. Қазір де егемендік жылдары, егемендік дәуір жалғаса береді деген үмітіміз бар. Осы тіркеске бір асықпай зер сала қарау керек сияқты.

Тағы да тілімізге сипіп кеткен, бірақ қазақ тілінің табиғатына келмейтін сөз орамдарын саралап көрейік. Мысалы, «Мұрнын тықпайтын жерге тығады». Орыс тіліндегі «Суег нос, куда не надо» тіркесі. Тап осы мағынаны беретін өзміздің тілімізде фразеологиялық тіркес бар – «Иығын тықпайтын жері жоқ». Сол секілді қазіргі күні келіншектердің әңгіме арасында «Қамыр қойып кеттім» деп жатқанын естіп қаламыз, ол

да орыс тілінде «Поставила тесто» тіркесінің қалықа аудармасы, дұрысы «Қамыр илеп кеттім» болуы керек. Тізе берсек, өз ана тілімізде де бар баламаларын былай ысырып қойып, орыс тілінің «қалыбын» құйып алып жүрген сөз орамдары, тіркестер ауызекі тілімізде «өріп жүр».

Қаладағы жеке кәсіпкерлік нысандарының ары бері өткендердің назарын аударатын, көзге тартымды, түсінуге төте орыс тіліндегі атаулар, қысқаша нұсқаулар жазылған тақтайшаларын көріп жүреміз. Сондай көзге таныс, жиі кездесетін, өзміз жанынан өтіп бара жатып, бір оқып өтетін хабарландыру мәтіндерінің бір тобын да ой талқайса салайық. «Парковка запрещена», «Дом продается», «Мы открылись», «Не курить», «От себя», «Въезд запрещен», «С собой», «Место купания», «Сдается в аренду», т.б. Сонымен қатар көрсететін қызметін, сататын тауарларын хабарлаған мынадай жарнама мәтіндері де кездеседі.

Центр изучения английского языка
Ремонт сотовых телефонов
Комплексный обед / Доставка еды
Покупка и продажа телефонов
Самая высокая оценка
Магазин мужской одежды
Наши услуги
Осы тіркестерді қалауынан тапса, орысшасын он орап алатындай етіп қазақша жазып қоюға болмай ма?

Енді бір көзге дұрыс көрінгенімен, көкейге орнықпай жүрген «К сожалению» тіркесін бірде – «Өкінішке қарай» деп аударып жатады, сондағы түпнұсқадан ұзатпай тұрған - «о» шылау сөзі. Аударма мәтіндерінде кездесетін осы тіркесті өзін «өкінішке орайластырмай да, өкінішке қарайластырмай» да «Өкініштісі сол ...», «Бір өкініштісі ...» деп аударып, осы нұсқаман түпнұсқа мазмұнды сақтауға болатынына көзім жетіп келеді.

Сонымен қатар түпнұсқадағы мәтіннің барлығы бірдей мағынасы анық, сауатты жазылған деп айтуға келе бермейтін жағдайлар да кездесіп қалады. Ондайда аудармашы алдымен мәтіннің қай салаға қатысты құралғанына шолу жасап алғаны жөн.

Қолымыз қалай көргенімізді солай жазуға дағдыланып кеткен енді бір сөз – орыс тіліндегі «вы» жіктеу есімдігінің қазақша сіз деп те, сендер, сіздер деп те аударылатыны белгілі. Орыс тілінде сыпайы мағынада сіз дегенді білдіретін вы тұлғасы бас өріппен таңбаланады да, сендер дегенді білдіретін вы тұлғасы кіші өріппен жазылады. Ал қазақ тілінде сыпайы

қатынасты білдіретін, дербес сіз есімдігі бар, олай болса қазақ тілінде бұл есімдікті, әсіресе ресми хат мәтіндерінде бас өріппен таңбалаудың қажеті жоқ. Алайда қазақша мәтіндерде сыпайы қатынасты білдіретін сіз, сізге, сізді, сіздің есімдіктерін бас өріппен жазу орыс тіліне қайырылып қарай бергеннен сақталып отыр, осыны тоқтату керек.

Жазба тілдегі атқа жайдақ мінген аудармаларды шамамыз келгенше екпінін басуға, жан-жағына қаратуға тырыстық. Енді өз айналамызда, күнде дерлік естіп, құлағамызға сіңіп кеткен қандай фразаларды, қандай сөздерді үлкеніміз де, кішіміз де тілімізден тастамай жүрміз, оларсыз айтар ойымызды бастамаймыз, экранға назар аударғандай, бағамдап көрейік.

Хорошо что, ...
Прикинь, ...
Хотя бы, ...
Короче, ...
Давай, ...
Ужас, ...
Кстати, ...
Срочно, ...
Молодец!
Значит, ...
Конечно, ...
Как будто, ...
Вообще-то, ...
Тем более, ...

Бұл тізбені жалғастыра беруге болады. Бірақ осы жерден аялдап, біздің тіліміздегі де мәнісі, шұрайлы теңеу сөздерді, «айналасы жұп-жұмыр келетін» келісті тіркестерді ауызекі тілдерінде, сөз арасында қолданатын өзге халықтар, өзге ұлттар бар ма екен, деп бір сәт ойлансақ, қысылсақ дейміз. Сөзімізді түйіндесек, халықаралық қатынас пен мәдени, саяси және технологиялық байланыс артық уақытта аударма жасау да дәуірден қалыспайды. Интернеттің атырабын еркін шарлап, цифрлық технологияның жалына жармасқан, жасанды интеллектің тізгінінде алған қазақ тілінің халі аудармаға келгенде «жетім қыздың тойындай» болмасын десек, аударманың сапалы болуын қадағалап, үздіксіз жүріп жатқан жаһандандудың ықпалымен тілдік қорымызға келіп қосылатын сөздерге, сөз тіркестеріне үлкен талғаммен қарайық, жаманын тастап, асылын алайық!

Б. БАЙДІЛДАЕВА,
Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының» ағылшын тілі оқытушысы



КӨКТЕМНІҢ ШУАҒЫН СЫЙЛАҒАН АНАЛАР ФОРУМЫ



Министр форумды да, орталық жұмысын да жоғары бағалады

Сонымен қатар форумда ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева әйел-аналардың ел дамуы мен өркендеуіне қосқан зор үлесін атап өтті. Олардың қоғамдағы орнын, құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала беретінін айтты.

«Анаға тағзым» атты республикалық аналар форумында өскелең ұрпақты тәрбиелеу, отбасы мәртебесін көтеру, адамгершілік-отбасылық құндылықтарды қалыптастырудың өзекті мәселелері талқыланды. Бұл да игі іс-шаралардың бірі деп есептейміз. Жалпы өзін «Сыр елі – жыр елі» атанған қасиетті Қызылорда өңірінің өркендей беруіне тілектеспін, – деді министр.

Бүгінде отбасы және гендерлік теңдік институтын дамытудың қазақстандық моделі айқындалған 2030 жылға дейінгі тұжырымдаманы іске асыру жалғасуда. Мемлекет басшысы белгілеген басымдықтарға сәйкес, оның қызметі әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғаудағы өзекті мәселелерді псыхотауды мақсат еткен.

Жылында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, тіл жанашыры Асылы Осман, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы республикалық Аналар кеңесінің төрайымы Назипа Шанаи, республикалық «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мақсұтбек Айтмағанбет, «АМАНАТ»

партиясының хатшысы Шолпан Қаринова және жерлестеріміз, белгілі тележүргізушілер Қымбат Досжан, Дана Нұржігітова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Елена Әбдіхалықова, Елмұра Жанабергенова, Жәніс Ысқақова, Ұлжан Байбосыновалар сөз сөйледі, өз тілектерін білдірді.

Форумда Аида Балаева отбасы құндылықтарын үнемі насихаттап, әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясатты белсенді іске асыруға атсалысқан қыз-келіншектерді де марапаттады. Айтпақтай, Сыр өңірінде бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылууда. Демеушілердің қолдауымен 1 млрд 700 млн теңгеге «Анаға тағзым» орталығы салынып, халық игілігіне берілді, «Отбасы орталығы» өз қызметін бастады.

Шара барысында орталыққа арнайы келген ҚР Мәдениет және ақпарат министрі, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беріп, қыз-келіншектерді қолдау, дамыту бағытындағы жұмыстармен танысты. Министр ең алдымен креативті кәсіпкерлер мен қолөнер шеберлерінің туындыларын жарнамалауға бағытталған «Брендке бір кадам...» сауда көрмесін аралады. Кәсіпкерлермен тілдесіп, сауда аланының тиімділігі мен мүмкіндігіне қатысты сұрақтарға жауап алды. Мұнан соң қыз-келіншектердің бойына төл құндылық, ұлттық код, қазақы тәрбиені сіңіру бағытындағы клуб-студияларының қызметінен хабардар болды. Сондай-ақ «Анаға тағзым» орталығының жанынан құрылған ерікті әжелер ансамблінің өнерін тамашалады.

«Руханият жылында» қандай жобалар жүзеге аспақ?

Жыл басы және жаңару мезгілі – наурыздан бастап, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, салт-дәстүрлерімізді насихаттау мақсатында 2024 жыл – «Руханият жылы» деп жариялануда.



Атаулы жылда тек мәдени-көпшілік шаралар ғана емес, ауқымды жобалар да жүзеге асырылады. Клубтар мен мәдениет үйлері жанынан түрлі бағыттағы шығармашылық үйірмелерді қамтитын «Адал адам» рухани-мәдени орталықтары ашылады.

Онда балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім, тәрбие беріледі. Сыр өңірінің руханият кеңістігіндегі бұл бас-тамалар Мемлекет басшысы ұсынған, әділетті мемлекет пен біртұтас қоғамның берік негізін саналатын «Адал адам» тұжырымдамасын жүзеге асыруға зор үлесін қосады. Биыл 7 ауданда неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар орталығы, ардагерлер мен аналар үйін біріктіретін «Руханият» орталықтары бір мезгіте салынады. Ол үшін облыстық бюджеттен 11 млрд 500 млн теңге қаржы жоспарлануда. Орталықтарда аға буын мен жастар бірлескен жобаларды жүзеге асырады, жас буын үлкендердің ақыл-тыңдап, тәжірибе алмасады. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан «Шығармашылық академиясы» салынууда.

Облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия кешенді шаралар атқаруда. Өткен жылы комиссия мүшелері барлық ауданды аралап, тұрғындармен кездесті, психологтардың қатысуымен тренингтер өткізді. Аналарды қолдау және адал еңбекті насихаттау мақсатында ауыл әйелдерінің форумы ұйымдастырылды. Әкелер одағы құрылып, ер бала тәрбиесіне қатысты жүйелі шаралар атқарылууда. Жалғастық әкелер форумның қорытындысында белсенді азаматтардың пікір алаңы қалыптасты. Барлық мектепте әкелер, аналар кеңестері белсенді жұмыс істеуде. Ұлттық комиссияның тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің отбасы және әйелдер істері жөніндегі уәкілі тағайындалды.

Басы 1-бетте

Ежелден Тұран топырағы талантқа кенде ме еді? Өнер мен мәдениетке қолдау жасап, қамқорлыққа алғанда қалай дами түсетінін тану түйсікті кісіге түсінікті. Әлемде елді таныту үшін үш ғана үміт болса, оның бастауында – өнер мен мәдениет, сонан соң әдебиет және тарих төре тұрады. Өнері дамыған өлкеде экономика да, өндіріс те, шаруашылық жұмыстар да өздігінен өрістей беретіні белгілі.

Оның нақты дәлелі ретінде 2023 жылдың тамыз айынан бері Қызылорда облысы республика аумағындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің негізгі параметрлері бойынша аймақтар арасында алғашқы үштіктен түспей келе жатқаны айтуға болады. Осы құндылықты негізге алған аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев соңғы уақытта өмірін жаңғыртуға жаңаша леп қосты, – деп жазды.

Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов өз паракшасында да өнер орталығы жайлы өз оқырмандарымен бөлісті.

– Қызылордада мың алағар арналған заманауи, жасанды салынған өнер орталығының салтанатты ашылу рәсіміне қатыстым. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың халықтың рухани дамуы мен елдің ажарын келтіретін нысандардың бой көтеруіне тікелей араласуы бір бөлек, ал еңбегі өлшеусіз деп білемін.

«Сыр елі – жыр елі» деген дара сөз бекер айтылмаған. Алашқа ана атанған киелі өңір – небір санлақтарды тудырып, бесігіне бөлек тербетіп, қырғиша қыяғаш ұшырған алтын ұя, қасиетті қоныс мекені. Қазіргі уақытта Сыр мәдениеті мен өнерін дамытуда мәдени қызметтің жаңа тәсілдері мен әдістері уақыт талабына сай түрленіп, мәдени-көпшілік шаралар атқарылууда. Ел игілігіне арналған жаңа ғимарат пен ізгі марапат – игі істер бастауы болып, талай таланттардың

Атаулы жылда тек мәдени-көпшілік шаралар ғана емес, ауқымды жобалар да жүзеге асырылады. Клубтар мен мәдениет үйлері жанынан түрлі бағыттағы шығармашылық үйірмелерді қамтитын «Адал адам» рухани-мәдени орталықтары ашылады.

Онда балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім, тәрбие беріледі. Сыр өңірінің руханият кеңістігіндегі бұл бас-тамалар Мемлекет басшысы ұсынған, әділетті мемлекет пен біртұтас қоғамның берік негізін саналатын «Адал адам» тұжырымдамасын жүзеге асыруға зор үлесін қосады. Биыл 7 ауданда неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар орталығы, ардагерлер мен аналар үйін біріктіретін «Руханият» орталықтары бір мезгіте салынады. Ол үшін облыстық бюджеттен 11 млрд 500 млн теңге қаржы жоспарлануда. Орталықтарда аға буын мен жастар бірлескен жобаларды жүзеге асырады, жас буын үлкендердің ақыл-тыңдап, тәжірибе алмасады. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан «Шығармашылық академиясы» салынууда.

Облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия кешенді шаралар атқаруда. Өткен жылы комиссия мүшелері барлық ауданды аралап, тұрғындармен кездесті, психологтардың қатысуымен тренингтер өткізді. Аналарды қолдау және адал еңбекті насихаттау мақсатында ауыл әйелдерінің форумы ұйымдастырылды. Әкелер одағы құрылып, ер бала тәрбиесіне қатысты жүйелі шаралар атқарылууда. Жалғастық әкелер форумның қорытындысында белсенді азаматтардың пікір алаңы қалыптасты. Барлық мектепте әкелер, аналар кеңестері белсенді жұмыс істеуде. Ұлттық комиссияның тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің отбасы және әйелдер істері жөніндегі уәкілі тағайындалды.

Басы 1-бетте

ӨРІСІ КЕҢ ӨНЕР ОРДАСЫ



Тұңғырына жол беретініне сенемін, – деп жазған Мәжіліс депутаты. Айтпақтай, 2022 жылдың қыркүйек айында Қызылордада 1000 келушіге арналған ғимаратта симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар, түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізіледі.

Сондай-ақ Сыр өңірінің мәдениет пен өнер саласында көптеген жағымды жаңалық бар. Бұған дейін облыстық филармонияның құрамында ұлт аспаптар оркестрі, камералық оркестр жұмыс істесе, концерттерді көрермен талғамына сай, кәсіби әрі жаңды дауыста ұсыну үшін тұңғыш рет симфония оркестрі құрылды. Облыстың мәдениет мекемелерінің мамандары Италия, Беларусь елдерінде біліктілігін арттырды. Алдағы уақытта Еуропадағы белгілі концерттік залдардың озық тәжірибелері енгізілді.

Сырдың төрінде еліміздің барша аналарына арналған перзент сыйы – «Анаға тағзым» орталығы, жас отбасылардың бақыт мекеніне айналған «Отбасы орталығы» өз қызметін бастады. Мүмкіндігі шектеулі өнерпаздар шығармашылығын шыңдап, өнерін насихаттауға арналған «Инклюзивті театр» құрылды. Бұған дейін 10 жылға жуық үйірме ретінде жұмыс істеп келген «Жастар театры» өз алдына кәсіби ұжым болып, өнер көрсетуде.

Елордада Астана қаласының 25 жылдығына орай «Сұлұ Сырдан – ару Астанаға» атты Қызылорда облысының өнер күндері жоғары деңгейде өткізілді. Алдағы уақытта халықтың ыстық ықыласы мен қошеметіне бөленген шара сәуір айында Алматы қаласында да ұйымдастырылады. Мәдениет және өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында өткен жылдан бері тағайындалған «Тұран» сыйлығын табыстау дәстүрге айналады. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында жырғаулар үйі ашылады. Облыстық өлкетану музейінің құрылысы басталды. Жеті ауданда заманауи руханият орталықтары салынууда. Жақын күндері балалар мен жасөспірімдерді өнерге баулып, шығармашылығын шыңдайтын шығармашылық академиясы бой көтереді.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ
Суреттер облыс әкімінің баспасөз қызметінен алынды

Басы 1-бетте

Меймандардан бір тілек

ҚР Мәдениет және ақпарат министрі форумның жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Кең ауқымда ұйымдастырылған шараға жан-жақтан келген меймандардың барлығы алғыстарын айтады. Соның ішінде Жамбыл облысындағы «Анаға тағзым» орталығының директоры Эльмира Мырза-Ғали де бар.

– Тараз қаласында да дәл осындай орталық 2021 жылы ашылып, өз жұмысын жалғастырып келеді. Негіз Бердібек Машбекұлының идеясымен жүзеге асқан болатын. Өркендегі орталықтың өз ерекшелігі бар. Қызылордадағы орталықтың әдемілігі, жобаларды жүзеге асыруына көңілім толды. Зиялы қауыммен осы форумға қатысып, куәсі болғаным риза болдым, Сыр елі өркендей берсін, – деді.

Сондай-ақ келген меймандардың арасында қызығушылығын жариялағандары да бар. Айтпақтай, «Елсана» руханият-патриоттық қауымдастығының жетекшісі Майра Қожырақова да өз ойымен бөлісті.

– Өз басым орталық жұмысына қызығып отырмын. Осы шараға Атырау қаласынан келдім. Осындай жағдайды жасап, қолдау көрсетіп отырған Қызылорда облысының әкімдігіне алғысымды айтамын. Жалпы мұндай орталықтар біз қанда да болса, нұр үстіне нұр болар еді, – деген мерекелік көңіл-күймен тарқасты.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ
Суреттер облыс әкімдігінің баспасөз қызметінен алынды

Газетіміздің келесі саны 7 наурыз, бейсенбі күні шығады.

Меншік иесі:

**СЫР
МЕДИА**
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газетінің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарымымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын авторын, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2973 Тапсырыс №366

Номердің кезекші редакторы Ақтолық НҰРЛЫБАЙ